

**2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Жітіқара ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 123 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 маусымда № 7855 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Жітіқара ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Жітіқара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара ауданының әкімі*

*А. Ибраев*

Әкімдіктің

2018 жылғы 23 мамырдағы

№ 123 қаулысына қосымша

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Жітіқара ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері**

№	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы
II дала аймағы		
Дәнді дақылдар		
1	Жаздық бидай	2018 жылғы 15 мамырдан бастап 02 маусымға дейін
2	Жаздық арпа	2018 жылғы 15 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
3	Сұлы	2018 жылғы 15 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
4	Күздік бидай	2018 жылғы 25 тамыздан бастап 15 қыркүйекке дейін
5	Тары	2018 жылғы 20 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
Майлы дақылдар		
1	Күнбағыс	2018 жылғы 05 мамырдан бастап 18 мамырға дейін